

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО

СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары көшесі, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

№

010000, г. Нур-Султан, улица Кенесары, 36  
тел./факс: 7 (7172) 55 59 95, тел.: 7 (7172) 55 58 03  
e-mail: office@minagri.gov.kz

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары Қ.С. Сұлтановқа,  
М.Б. Теміржановқа, А.П. Рауға**

2019 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ ДС-117 хатқа

**Құрметті Қуаныш Сұлтанұлы!  
Құрметті Мұрат Баритұлы!  
Құрметті Альберт Павлович!**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жүгері дақылын өсіруді мемлекет тарапынан қолдауды қамтамасыз етуге байланысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

***Депутаттық сауалдағы соңғы жылдары жүгері өсірушілерге арналған субсидия алынып тасталып, оның орнына ешқандай басқа қолдау шаралары белгіленбеген деген мәселеге байланысты***

2017 жылғы қаңтарда және 2018 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) енгізілген өзгерістерге сәйкес Қағидалардан дәндік дақылдардың, оның ішінде жүгерінің бір гектарына және азықтық дақылдарға, оның ішінде сүрлемдік жүгеріге субсидия төлеу шаралары алынып тасталды.

Айта кету керек, жүгері бойынша тек «гектарлық» субсидиялау ғана алынып тасталды. Жүгері өсірушілер мемлекеттік қолдаудың барлық басқа түрлеріне, оның ішінде базалық субсидиялар (минералдық тыңайтқыштарға, тұқымға, гербицидке) алуға, су жеткізу қызметі құнын арзандатуға субсидия алуға, инвестициялық субсидияларға, кредит алуға және көктемгі егіс және астық жинау науқаны кезеңдерінде арзандатылған дизель отынын пайдалануға басқа дақылдар өндірушілермен бірдей құқылы.

Сонымен қатар, жүгері өсірушілер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік

кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес:

- ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу;
- тұқым тазарту-сұрыптау жабдықтарын сатып алу бойынша инвестициялық жобаларға (инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%), суару жүйелерін құру және кеңейту және тамшылатып суару бойынша инвестициялық жобаларға (инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 50%) қатыса алады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына сәйкес ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алуға, негізгі құралдарды сатып алуға және айналым қаражаттарын толықтыруға арналған қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қарастырылған.

***Жүгері дақылын мемлекеттік қолдау мақсатында Қағидаларда дәндік жүгеріні субсидиялауды көздеу бойынша***

Министрлік өңдеуші кәсіпорынға өңдеуге тапсырылған не өзінің өңдеуші кәсіпорындарына өңдеуге берілген дәндік жүгерінің 1 тоннасын субсидиялауды көздейтін «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығының жобасын (бұдан әрі – Жоба) 2019 жылғы 26 тамыздағы МОИП № ПИ-30908 хатпен мемлекеттік органдарға (Қазақстан Республикасының қаржы, ұлттық экономика, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктеріне) келісуге жіберді.

Қазіргі таңда Жобаны мемлекеттік органдардың орындаушылары пысықтауда.

Хатта көрсетілген мәселе бойынша толық ақпарат Жоба мемлекеттік органдар тарапынан мақұлданып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген жағдайда ғана жұмыс тәртібінде ұсынылатын болады.

**Министрдің м.а.**

**Р. Құрманов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

16.09.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 12-1-6/469

№

город Нур-Султан

**Иссапар туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың жұмыс сапарына қатысу үшін 2019 жылғы 17 қыркүйекте күнтізбелік 1 (бір) күнге Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарына іссапарға кетіп барамын.

Иссапар кезеңінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін (кадр мәселелерін қоспағанда) уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рүстем Жомартұлы Құрмановқа жүктеймін.

Министр



*С. Омаров*

С. Омаров

001080